

"Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды, қону алаңдарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 578 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 3 ақпандағы № 55 бірлескен бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1260 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 17 ақпандағы № 77 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 наурызда № 13472 болып тіркелді

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. «Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды, қону алаңдарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы № 578 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2011 жылғы 3 ақпандағы № 55 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6789 болып тіркелген, 2011 жылғы 11 маусымда «Казахстанская правда» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 67-бабының 3 - тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:»**;

1 - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

1. «1. Қоса беріліп отырған Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу қағидалары бекітілсін .
»

көрсетілген бірлескен бұйрықпен бекітілген Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу қағидалары осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Б.К. Сейдахметов):

1) осы бірлескен бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына ресми жариялауға оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде жіберуді;

3) Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында осы бірлескен бұйрықтың орналасуын;

4) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бірлескен бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Қорғаныс министрі

_____ Ә. Исекешев

_____ И. Тасмағамбетов

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2015 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 1260 және

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

2016 жылғы 17 ақпандағы

№ 77 бірлескен бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация

министрінің міндетін

атқарушының

2010 жылғы 23 желтоқсандағы

№ 578 және

Қазақстан Республикасы

Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 3 а қ п а н д а ғ ы
№ 5 5 б і р л е с к е н б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 67-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу тәртібін анықтайды.

2. Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу тәртібі сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын пайдаланушыға жүктеледі.

3. Есепке алу объектілері әуе кемелерінің ұшып көтерілуін, қонуын, рульдеуін, аялдауын және қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету үшін арнайы әзірленген сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтары (тікұшақ айлақтары), қону алаңдары болып табылады.

2. Пайдаланушылардың сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алу

4. Пайдаланушылар сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын есепке алуды мынадай:

1) сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарға (тікұшақ айлақтарына), қону алаңдарына құқық белгілейтін құжаттар;

2) жер учаскесіне сәйкестендіру құжаттары болған жағдайда жүзеге асырады.

5. Сыныпталмайтын және уақытша әуеайлақтарды (тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарының есебі жеке есепке алу журналында жүргізіледі (бұдан әрі - Журнал), оның нысаны осы Қағидаларға қосымшада берілген.

6. Журнал тігіледі және нөмірленеді, ол туралы Журналдың соңғы бетінің артында тиісті жазу жазылады және пайдаланушының мөрі қойылады.

Пайдаланушылардың сыныпталмайтын
және у а қ ы т ш а ә у е а й л а қ т а р д ы

(тікұшақ айлақтарын), қону алаңдарын
есепке алу қағидаларына
қосымша
нысан

**Сыныпталмайтын және уақытша әуесайлақтарды (тікұшақ айлақтарын),
қону алаңдарын есепке алу**

ЖУРНАЛЫ

Пайдаланушы _____

№	Мәліметтер	Деректер
1.	Сыныпталмайтын, уақытша әуесайлақтың (тікұшақ айлағының), қону алаңының атауы	
2.	Сыныпталмайтын, уақытша әуесайлақтың (тікұшақ айлағының), қону алаңының географиялық координаттары және орналасқан жері	
3.	Сыныпталмайтын және уақытша әуесайлақтың (тікұшақ айлағының), қону алаңының меншік иесі (иесі)	
4.	Сыныпталмайтын, уақытша әуесайлақтардың (тікұшақ айлағының), қону алаңының мақсаты	
5.	Техникалық сипаттамалары: ұшу-қону жолағының мөлшері; ұшу-қону жолағының жабын түрі; сыныпталмайтын, уақытша әуесайлақтың (тікұшақ айлағының), қону алаңының техникалық дайындығы тексерілген соңғы күн	
6.	Сыныпталмайтын, уақытша әуесайлақты (тікұшақ айлағын), қону алаңын қону және жарық-техникалық жүйелерімен жабдықтау (болған жағдайда)	
7.	Қабылданатын әуе кемелерінің типтері	